Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 758 «Qyzyljar» Арнайы экономикалық аймағын құру туралы» қаулысына өзгеріс теренгізу туралы жобасына баспасөз релизі

Жоба Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р. В. Склярдың 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №21-04/05-4200 инвестицияларды тарту жөніндегі кеңес отырысының қорытындысы бойынша хаттамалық тапсырмасына сәйкес әзірленді және ауданы 24,5 га көрсетілген арнайы экономикалық аймақтың 5 субзонасы ретінде «Ultradecor Trading Kazakhstan» ЖШС инвестициялық жобасын құру шеңберінде «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағының аумағын кеңейтуді көздейді.

Бұл жобаның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында бағдарланған жоңқа тақталарын және ламинатталған ағаш жоңқа тақталарын өндіру және Орталық Азия елдерінің нарығы үшін экспорт болып табылады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде өнеркәсіптің әртүрлі салаларындағы бірқатар жаңа өндірістерден тұратын индустриялық-сауда өнеркәсіп алаңы құрылатын болады.

Солтүстік Қазақстан облысында «Qyzyljar» АЭА-да жобаны іске асыру инвестицияларды тартуға және қосымша жұмыс орындарын құруға, өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыруға, импортқа тәуелділікті төмендетуге, аралас салаларды дамытуға, тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.